

Бекітемін:

Ақселен Сейітмұбек атындағы
№54 мектеп директоры

Казыбаева

2026 жыл



МЕКТЕПТЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ЖАУАПТЫ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже жалпы білім беретін мектепте ақпараттық жүйелер мен жасанды интеллект құралдарын (бұдан әрі – ЖИ) пайдалану кезінде мақсаттарды, қағидағтарды, қолдану салаларын, құқықтар мен міндеттерді, сондай-ақ жауапкершілікті айқындайды.

1.2. Ереже мектептің барлық педагогтері мен қызметкерлеріне қолданылады, егер олар өз қызметтік міндеттерін орындау барысында жасанды интеллект құралдарын қолданса.

1.3. Ереженің мақсаты – мектеп қызметінде жасанды интеллектті жауапты, этикалық және қауіпсіз пайдалану.

1.4. Осы Ереже мектеп Жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен, академиялық адалдық қағидағтарымен және білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарымен бірге қолданылады.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

2.1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- **Ақпараттық жүйе (АЖ)** – ақпаратты өңдеуге арналған бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы;

- **Жасанды интеллект (ЖИ)** – талдау, мәтін, тапсырма, сурет, кесте, презентация сияқты контентті автоматты түрде жасауға мүмкіндік беретін цифрлық құралдар;

- **Генеративті жасанды интеллект** – пайдаланушы сұрауы бойынша жаңа контент жасайтын ЖИ түрі;

- **Инцидент** – ЖИ қолдану кезінде дербес деректердің жария болуы немесе орынсыз контенттің пайда болуы;

- **Деректерді минимизациялау** – нақты мақсат үшін ғана қажетті деректерді пайдалану қағидаты.

3. ЖИ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Мақсаттары:

- Білім беру процесінің тиімділігін арттыру;
- Педагогтердің цифрлық және ЖИ-құзыреттерін дамыту;
- Сабаққа дайындық сапасын жақсарту;
- Академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру.

3.2. Міндеттері:

- ЖИ-ді оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуде қосымша құрал ретінде пайдалану;

- Оқу материалдарын талдау және көрнекі ету;
- Сабаққа арналған идеялар мен мысалдар әзірлеу.

4. ЖИ-ДІ ЖАУАПТЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАҒИДАТТАРЫ

4.1. **Адамға бағдарлану** – ЖИ мұғалімнің жұмысын толықтырады, негізгі шешімді педагог қабылдайды.

4.2. **Ашықтық** – материалдарды әзірлеуде ЖИ қолданылғаны көрсетіледі.

4.3. **Әділдік және дискриминациясыздық** – ЖИ қолдану оқушылардың құқықтарын бұзбауы тиіс.

4.4. **Қауіпсіздік және деректерді қорғау** – оқушылардың дербес деректері мен қызметтік ақпарат қорғалады.

4.5. **Академиялық адалдық** – ЖИ нәтижелерін толықтай өз еңбегі ретінде ұсынуға жол берілмейді.

5. ЖИ ҚОЛДАНУ САЛАЛАРЫ ЖӘНЕ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ФОРМАЛАРЫ

5.1. Рұқсат етіледі:

- Сабақ жоспарларының бастапқы нұсқаларын дайындау;
- Мысалдар мен тапсырмалар генерациялау;
- Мәтіндерді редакциялау және форматтау;
- Кестелер, схемалар, презентациялар дайындау;
- Оқу материалдарын көрнекі ету.

5.2. Тыйым салынады:

- ЖИ-ді мұғалімнің тексеруінсіз бағалау қою үшін пайдалану;
- Оқушылардың дербес деректерін заңды негізсіз енгізу;
- Заңнамаға және педагогикалық этикаға қайшы мақсаттарда пайдалану.

6. РӨЛДЕР МЕН МІНДЕТТЕР

6.1. Мектеп директоры:

- Осы Ережені бекітеді;
- ЖИ қолданудың негізгі бағыттарын айқындайды;
- Педагогтердің біліктілігін арттыруға жағдай жасайды.

6.2. Жауапты тұлға ЖИ тобының төрағасы:

- Ереженің орындалуын үйлестіреді;
- Педагогтерге кеңес береді;
- ЖИ қолдану бойынша ұсыныстар енгізеді.

6.3. Педагогтер:

- ЖИ-ді осы Ережеге сәйкес пайдаланады;
- Деректерді қорғау талаптарын сақтайды;
- Материалдарда ЖИ қолданылғанын көрсетеді;
- Академиялық адалдық қағидаттарын сақтайды.

7. ЖИ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДАРДЫ БЕЛГІЛЕУ

7.1. ЖИ қолдану келесі шарттар сақталған жағдайда рұқсат етіледі:

- Сабақтың мақсаты мен мазмұнын педагог өзі айқындайды;
- ЖИ қосымша құрал ретінде қолданылады;
- Алынған нәтиже міндетті түрде тексеріледі және өңделеді.

7.2. Материалды әзірлеуде ЖИ елеулі түрде пайдаланылған жағдайда мынадай белгі қоюға болады, мысалы: *Материалды әзірлеуде жасанды*

интеллект құралдары пайдаланылды (қарапайым мәтін, тілдік түзету, құрылымдау).

8. ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

8.1. Педагогтер ашық ЖИ сервистеріне оқушылардың дербес деректерін енгізбеуге міндетті.

8.2. Инцидент анықталған жағдайда мектеп әкімшілігіне дереу хабарланады.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1. Осы Ереженің талаптарын бұзу мектептің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10.1. Осы Ереже мектеп директорының бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

10.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар мектеп әкімшілігінің шешімімен енгізіледі.